



## Материалдық емес мәдени мұраны қорғау туралы конвенцияны ратификациялау туралы

Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 21 желтоқсандағы № 514-IV Заңы

2003 жылғы 17 қазанда Парижде қабылданған Материалдық емес мәдени мұраны қорғау туралы конвенция ратификациялансын.

*Президенті*

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*  
*Н. НАЗАРБАЕВ*

## МАТЕРИАЛДЫҚ ЕМЕС МӘДЕНИ МҰРАНЫ ҚОРҒАУ ТУРАЛЫ КОНВЕНЦИЯ

Париж, 2003 жылғы 17 қазан

Парижде 2003 жылғы 29 қыркүйек - 17 қазан аралығында өзінің отыз екінші сессиясына жиналған, төменде ЮНЕСКО деп аталатын Біріккен Ұлттар Ұйымының білім, ғылым және мәдениет мәселелері жөніндегі Бас конференциясы, адам құқықтары туралы қолданыстағы халықаралық-құқықтық актілерге, атап айтқанда 1948 жылғы Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясына, 1966 жылғы Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы халықаралық пактіге және 1966 жылғы Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактіге сілтеме ж а с а й

о т ы р ы п ,  
1989 жылғы ЮНЕСКО-ның Фольклорды сақтау туралы ұсынымдарында, 2001 жылғы ЮНЕСКО-ның Мәдени әртүрлілік туралы жалпыға бірдей декларациясында және мәдениет министрлерінің дөңгелек үстел басында үшінші кездесуінде қабылданған 2002 жылғы Стамбул декларациясында атап көрсетілгендей мәдени әртүрліліктің ошағы мен орнықты дамудың кепілі ретінде материалдық емес мәдени мұраның маңызды мәнін назарға ала отырып, материалдық емес мәдени мұра мен материалдық мәдени және табиғи мұраның арасындағы тығыз өзара байланысты ескере отырып, жаһандану мен әлеуметтік жаңарулар үдерістері қоғамдастықтар арасындағы үндесулерді жаңарту үшін жағдай жасай отырып, сонымен қатар, төзімсіздік құбылысы сияқты материалдық емес мәдени мұраға төнген, атап айтқанда, осындай мұраны қорғау үшін қаражаттың жетіспеуі нәтижесіндегі құлдыраудың, жойылып кетудің және бүлінудің елеулі қаупінің көздері болып табылатынын тани отырып, адамзаттың материалдық емес мәдени мұрасын қорғауды қамтамасыз етуге жалпыға бірдей ұмтылысты және осымен байланысты байқалатын ортақ а л а ң д а у ш ы л ы қ т ы түсіне отырып ,

қоғамдастықтар, атап айтқанда, жергілікті қоғамдастықтар, топтар және кейбір жағдайларда жекелеген адамдар мәдени әртүрлілікті байыта отырып және адам шығармашылығына жәрдем көрсете отырып, материалдық емес мәдени мұраны жасауда, қорғауда, сақтауда және қайта жасауда маңызды рөл атқаратынын тани отырып,

мәдени мұраны қорғауға бағытталған нормативтік актілерді, атап айтқанда, 1972 жылғы Дүниежүзілік мәдени және табиғи мұраны қорғау туралы конвенцияны әзірлеу жөніндегі ЮНЕСКО қызметінің зор маңызын атап өте отырып, қазіргі уақытта материалдық емес мәдени мұраны қорғауға қатысты міндетті күші бар көп жақты ешқандай да құқықтық акт жоқ екенін бұдан әрі атап өте отырып,

қолданыстағы мәдени және табиғи мұра туралы халықаралық келісімдерді, ұсынымдар мен қарарларды байыту және материалдық емес мәдени құндылықтарға қатысты жаңа ережелермен тиімді толықтыру қажет деп есептей отырып,

материалдық емес мәдени мұра мен оны қорғаудың маңыздылығын, әсіресе, жас ұрпақ арасында неғұрлым терең ұғынуы қажеттігін ескере отырып, халықаралық қоғамдастық осы Конвенцияға қатысушы мемлекеттермен бірге ынтымақтастық пен өзара көмек рухында осындай мұраны қорғауға жәрдемдесуі тиіс деп есептей отырып,

ЮНЕСКО-ның материалдық емес мәдени мұра, атап айтқанда, адамзаттың ең үздік туындыларын және материалдық емес мәдени мұрасын жария ету жөніндегі бағдарламалары туралы еске сала отырып,

адамдар арасындағы жақындасуға, алмасуға және өзара түсіністікке ықпал ететін фактор ретінде материалдық емес мәдени мұраның баға жетпес рөлін назарға ала отырып,

2003 жылғы он жетінші қазанда осы Конвенцияны қабылдайды.

## **I. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

### **1-бап. Конвенцияның мақсаттары**

Осы Конвенцияның мақсаттары мыналар болып табылады:

- (a) материалдық емес мәдени мұраны сақтау;
- (b) тиісті қоғамдастықтардың, топтардың және жекелеген адамдардың материалдық емес мәдени мұрасын құрметтеу;
- (c) материалдық емес мәдени мұраның және оны өзара танудың маңыздылығына жергілікті, ұлттық және халықаралық деңгейлерде назар аудару;
- (d) халықаралық ынтымақтастық және көмек.

### **2-бап. Анықтамалар**

Осы Конвенцияның мақсаттары үшін

1. «Материалдық емес мәдени мұра» қоғамдастықтар, топтар және кейбір

жағдайларда жекелеген адамдар өздерінің мәдени мұрасының бір бөлігі ретінде таныған әдет-ғұрыптарды, түсініктері мен пайымдарының нысандарын, білім мен дағдыны - сондай-ақ олармен байланысты құралдарды, заттарды, артефактілерді және мәдени кеңістікті білдіреді. Ұрпақтан ұрпаққа берілетін осындай материалдық емес мәдени мұра қауымдастықтармен және топтармен оларды қоршаған ортаға, олардың табиғатпен өзара іс-қимылына және олардың тарихына байланысты тұрақты түрде қайта жасалады және адам шығармашылығы мен мәдени әртүрлілікті құрметтеуге ықпал ете отырып, оларда төлтума ерекшелік пен ұрпақтар сабақтастығы сезімін қалыптастырады. Осы Конвенцияның мақсаттары үшін адам құқықтары жөніндегі қолданыстағы халықаралық-құқықтық актілермен және қоғамдастықтар, топтар мен жекелеген адамдар арасындағы өзара құрмет, сондай-ақ орнықты даму талаптарымен сәйкес келетін материалдық емес мәдени мұра ғана назарға алынады.

2. «Материалдық емес мәдени мұра» жоғарыда 1-тармақта айқындалғанындай, мына салаларда көрініс табады, атап айтқанда:

(a) материалдық емес мәдени мұраның тасымалдағышы ретінде тілді қоса алғанда, пайымның дәстүрлері мен нысандары;

(b) орындаушылық өнерлер;

(c) әдет-ғұрыптар, салт-жоралар, мейрамдар;

(d) табиғат пен дүниеге қатысты білімдер мен әдет-ғұрыптар;

(e) дәстүрлі кәсіптермен байланысты білімдер және дағдылар.

3. «Қорғау» материалдық емес мәдени мұраның, ең бастысы формалды және формалды емес жасаудың көмегімен оны сәйкестендіруді, құжаттауды, зерттеуді, сақтауды, қорғауды, танымал етуді, оның рөлін арттыруды, оны беруді қоса алғанда, материалдық емес мәдени мұраның өміршеңдігін қамтамасыз ету мақсатында шаралар қабылдауды, сондай-ақ осындай мұраның әртүрлі аспектілерін қайта жаңғыртуды білдіреді.

4. «Қатысушы мемлекеттер» осы Конвенциямен байланысты және оларға қатысты Конвенция күшіне енген мемлекеттерді білдіреді.

5. Осы Конвенция 33-бапта көрсетілген аумақтарға *mutatis mutandis* қолданылады, олар осы бапта айқындалған шарттармен оның қатысушылары болады. Бұл орайда «қатысушы мемлекеттер» ұғымы осы аумақтарға да қатысты болады.

### **3-бап. Басқа халықаралық-құқықтық актілермен байланыс**

Осы Конвенциядағы ештеңе де:

(a) 1972 жылғы Мәдени және табиғи мұраны қорғау туралы конвенцияның шеңберінде дүниежүзілік мұра деп танылған және материалдық емес мәдени мұраның қандай да бір элементі олармен тікелей байланысты болатын құндылықтарды қорғаудың мәртебесін өзгертетін немесе деңгейін төмендететіндей етіп; немесе

(b) олар қатысушылары болып табылатын зияткерлік меншік немесе биологиялық және экологиялық ресурстарды пайдалану құқықтарына қатысты кез келген

халықаралық-құқықтық актілерден туындайтын қатысушы мемлекеттердің құқықтары мен міндеттемелерін қозғайтындай етіп түсіндірілмеуі тиіс.

## **II. КОНВЕНЦИЯНЫҢ ОРГАНДАРЫ**

### **4-бап. Қатысушы мемлекеттердің Бас ассамблеясы**

1. Осымен төменде «Бас ассамблея» деп аталатын қатысушы мемлекеттердің Бас ассамблеясы құрылады. Бас ассамблея осы Конвенцияның толық билікке ие органы болады.

2. Бас ассамблея кезекті сессияларға екі жылда бір рет жиналады. Егер осындай шешім қабылданса немесе Материалдық емес мәдени мұраны қорғау жөніндегі үкіметаралық комитеттің өтініші бойынша немесе қатысушы мемлекеттердің кемінде үштен бірінің өтініші бойынша ол кезектен тыс сессияларға жинала алады.

3. Бас ассамблея өзінің Рәсімдер қағидасын қабылдайды.

### **5-бап. Материалдық емес мәдени мұраны қорғау жөніндегі үкіметаралық комитет**

1. Осымен ЮНЕСКО-ның жанынан төменде «Комитет» деп аталатын Материалдық емес мәдени мұраны қорғау жөніндегі үкіметаралық комитет құрылады. Комитет 34-бапқа сәйкес осы Конвенция күшіне енгеннен кейін Бас ассамблеяға жиналған қатысушы мемлекеттер сайлаған 18 қатысушы мемлекеттің өкілдерінен құралады.

2. Конвенцияға қатысушы мемлекеттердің саны 50-ге жеткен кезде, бұл Комитетке мүше мемлекеттердің саны 24-ке дейін ұлғайтылатын болады.

### **6-бап. Комитетке мүше мемлекеттерді сайлау және олардың өкілеттіктерінің мерзімі**

1. Комитетке мүше мемлекеттерді сайлау әділ географиялық бөлу мен әділ ауысу қағидаттарына сәйкес жүзеге асырылады.

2. Комитетке мүше мемлекеттерді Бас ассамблеяға жиналған, Конвенцияға қатысушы мемлекеттер төрт жыл мерзімге сайлайды.

3. Алайда, бірінші сайлау барысында сайланған Комитетке мүше мемлекеттердің жартысының өкілеттігінің мерзімі екі жылды құрайды. Бұл мемлекеттер бірінші сайлау барысында жеребе бойынша анықталады.

4. Бас ассамблея әрбір екі жылда Комитетке мүше мемлекеттер құрамының жартысын жаңартып отырады.

5. Ол бос орындарды толтыру үшін қажетті Комитетке мүше мемлекеттер санын да сайлайды.

6. Комитетке мүше мемлекет екі өкілеттік мерзіміне қатарынан сайлана алмайды.

7. Комитетке мүше мемлекеттер өз өкілдері ретінде материалдық емес мәдени мұраның әр түрлі салаларындағы құзыреттілікке ие адамдарды іріктеп алады.

### **7-бап. Комитеттің функциялары**

Осы Конвенцияда белгіленген өзінің басқа міндеттеріне зиян келтірмей, Комитеттің функциялары мыналарды қамтиды:

- (a) Конвенция мақсаттарына қол жеткізуге ықпал ету, оның орындалуының мониторингін қамтамасыз ету және көтермелеу;
- (b) озық практикаға қатысты консультациялар беру және материалдық емес мәдени мұраны қорғау жөніндегі шаралар туралы ұсынымдар дайындау;
- (c) 25-бапқа сәйкес Қордың қаражатын пайдалану жоспарының жобасын дайындау және Бас ассамблеяның бекітуіне ұсыну;
- (d) Қордың ресурстарын ұлғайту жолдарын іздестіру және осы мақсатта 25-бапқа сәйкес қажетті шараларды қабылдау;
- (e) Конвенцияны орындау жөніндегі жедел басшылықты дайындау және Бас ассамблеяның бекітуіне ұсыну;
- (f) 29-бапқа сәйкес қатысушы мемлекеттердің баяндамаларын және олардың Бас ассамблеяға арналған түйіндемелерін қарау;
- (g) қатысушы мемлекеттер берген өтінімдерді қарау және Комитет әзірлеп, Бас ассамблея бекіткен объективті өлшемдерге сәйкес:
  - (i) 16, 17 және 18-баптарда айтылған ұсыныстарды іріктеу және тізімдерге кіргізу;
  - (ii) 22-бапқа сәйкес халықаралық көмек беруге қатысты шешімдер қабылдау.

#### **8-бап. Комитет жұмысының әдістері**

1. Комитет Бас ассамблеяға есеп береді. Ол өзінің бүкіл қызметі және өзі қабылдайтын шешімдері туралы оған баяндамалар ұсынады.

2. Комитет өзінің Рәсімдер қағидасын оның мүшелерінің үштен екісін құрайтын көпшілікпен қабылдайды.

3. Комитет өзінің алдында тұрған міндеттерді орындау үшін өзі қажетті деп санайтын арнайы консультативтік органдарды уақытша негізде құра алады.

4. Комитет нақты мәселелер бойынша олармен консультациялар өткізу мақсатында материалдық емес мәдени мұраның әртүрлі саласында белгілі бір құзыретке ие кез келген мемлекеттік немесе жеке органдарды, сондай-ақ кез келген жеке тұлғаларды өзінің отырыстарына шақыра алады.

#### **9-бап. Консультативтік ұйымдарды аккредиттеу**

1. Комитет материалдық емес мәдени мұра саласында белгілі бір құзыретке ие үкіметтік емес ұйымдарды аккредиттеу туралы ұсынысты Бас ассамблеяның қарауына енгізеді. Бұл ұйымдар Комитетке қатысты консультативтік функцияларды орындайды.

2. Комитет көрсетілген аккредиттеудің өлшемдері мен шарттары туралы ұсыныстарды да Бас ассамблеяның қарауына енгізеді.

#### **10-бап. Хатшылық**

1. ЮНЕСКО Хатшылығы Комитетке көмек көрсетеді.

2. Хатшылық Бас ассамблея мен Комитет үшін құжаттама, сондай-ақ олардың

отырыстарының күн тәртібінің жобаларын дайындайды және олардың қабылдаған шешімдерінің орындалуын қамтамасыз етеді.

### **III. МАТЕРИАЛДЫҚ ЕМЕС МӘДЕНИ МҰРАНЫ ҰЛТТЫҚ ДЕНГЕЙДЕ ҚОРҒАУ**

#### **11-бап. Қатысушы мемлекеттердің рөлі**

Әрбір қатысушы мемлекет:

(a) өзінің аумағында бар материалдық емес мәдени мұраны қорғауды қамтамасыз ету үшін қажетті шаралар қабылдауы;

(b) 2-баптың 3-тармағында көрсетілген қорғау жөніндегі шаралар шеңберінде қоғамдастықтардың, топтардың және тиісті үкіметтік емес ұйымдардың қатысуымен өзінің аумағында бар материалдық емес мәдени мұраны сәйкестендіруі және оның әртүрлі элементтерін анықтауы тиіс.

#### **12-бап. Тізбелер**

1. Қорғау мақсатында сәйкестендіруді қамтамасыз ету үшін әрбір қатысушы мемлекет туындаған жағдайды ескере отырып, өзінің аумағында бар материалдық емес мәдени мұраның бір немесе бірнеше тізбесін жасайды. Мұндай тізбелер тұрақты түрде жаратылуы тиіс.

2. Әрбір қатысушы мемлекет 29-бапқа сәйкес өзінің баяндамасын Комитетке кезеңділік негізінде бере отырып, осы тізбелер бойынша тиісті ақпаратты хабарлайды.

#### **13-бап. Қорғау жөніндегі басқа да шаралар**

Әрбір қатысушы мемлекет өзінің аумағында бар материалдық емес мәдени мұраны қорғауды, дамытуды және оның рөлін арттыруды қамтамасыз ету үшін мынадай мақсатта күш-жігерін жұмсайды:

(a) қоғамда материалдық емес мәдени мұраның рөлін арттыруға және осы мұраны қорғауды жоспарлау бағдарламасына кіргізуге бағытталған жалпы саясатты қабылдау;

(b) оның аумағында бар материалдық емес мәдени мұраны қорғау жөнінде бір немесе бірнеше құзыретті органдарды белгілеу немесе құру;

(c) материалдық емес мәдени мұраны, атап айтқанда, қауіп төніп тұрған материалдық емес мәдени мұраны тиімді қорғау мақсатында ғылыми, техникалық және өнертану зерттеулеріне, сондай-ақ ғылыми-зерттеу әдіснамасын әзірлеуге жәрдем көрсету;

(d) мыналарға бағытталған тиісті заңдық, техникалық, әкімшілік және қаржылық шараларды қабылдау:

(i) материалдық емес мәдени мұраны басқару саласында кадрлар даярлау жөніндегі мекемелерді құруға немесе нығайтуға, сондай-ақ оны көрсетуге және пайымдауға арналған форумдар мен кеңістіктер арқылы осы мұраны беруге жәрдем көрсету;

(ii) осындай мұраның қандай да бір аспектілеріне қол жеткізу тәртібін анықтайтын

қабылданған практиканы сақтау кезінде материалдық емес мәдени мұраға қол жеткізуді  
қ а м т а м а с ы з е т у ;

(iii) материалдық емес мәдени мұра жөніндегі құжаттамамен айналысатын мекемелерді құру және оларға қол жеткізуді жеңілдету.

#### **14-бап. Жұртшылыққа білім беру, олардың хабардарлығын арттыру және әлеуетті нығайту**

Әрбір қатысушы мемлекет өзінің билігіндегі барлық қаражатты пайдалана отырып, күш-жігерін мыналарға бағыттап жұмсайды:

(a) қоғамда материалдық емес мәдени мұраны тануды, құрметтеуді және оның рөлін арттыруды қамтамасыз етуге, атап айтқанда, мыналар арқылы:

(i) жұртшылыққа, атап айтқанда, жастарға білім беру, олардың хабардарлығы мен ақпараттануын арттыру саласындағы бағдарламалар;

(ii) тиісті қоғамдастықтар мен топтарға арналған білім беру және кадрлар даярлау саласындағы нақты бағдарламалар;

(iii) материалдық емес мәдени мұраны қорғау, атап айтқанда, басқару және ғылыми зерттеулер мәселелерімен байланысты саладағы әлеуетті нығайту жөніндегі іс-шаралар ;

(iv) білім берудің формальды емес тәсілдері;

b) жұртшылықты осындай мұраға төніп тұрған қауіптер, сондай-ақ осы Конвенцияны орындау үшін жүзеге асырылатын іс-шаралар туралы хабардар ету;

c) материалдық емес мәдени мұраны білдіру үшін оның бар болуы қажет табиғи кеңістіктер мен ескерткіш орындарды қорғау мәселелері бойынша білім беруге жәрдем көрсету.

#### **15-бап. Қоғамдастықтардың, топтардың және жекелеген адамдардың қатысуы**

Әрбір қатысушы мемлекет материалдық емес мәдени мұраны қорғау жөніндегі өз қызметінің шеңберінде осындай мұраны жасаумен, сақтаумен және берумен айналысатын қоғамдастықтардың, топтардың және тиісті жағдайларда жекелеген адамдардың барынша кеңінен қатысуын мүмкіндігінше қамтамасыз етуге, сондай-ақ оларды осындай мұраны басқаруға белсенді тартуға ұмтылады.

### **IV. МАТЕРИАЛДЫҚ ЕМЕС МӘДЕНИ МҰРАНЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ДЕҢГЕЙДЕ ҚОРҒАУ**

#### **16-бап. Адамзаттың материалдық емес мәдени мұрасының репрезентативтік тізімі**

1. Комитет материалдық емес мәдени мұраның неғұрлым көрнекілігін, оның маңызын түсінуді тереңдетуге жәрдемдесуді және мәдени әртүрлілікті құрметтеудің негізінде диалогты ынталандыруды қамтамасыз ету үшін тиісті қатысушы

мемлекеттердің ұсыныстары бойынша Адамзаттың материалдық емес мәдени мұрасының репрезентативтік тізімін жасайды, жаңартады және жариялайды.

2. Комитет көрсетілген репрезентативтік тізімді жасаудың, жаңартудың және жариялаудың өлшемдерін әзірлейді және Бас ассамблеяға бекітуге ұсынады.

### **17-бап. Шұғыл қорғауды қажет ететін материалдық емес мәдени мұра тізімі**

1. Комитет тиісті қорғау шараларын қабылдау мақсатында Шұғыл қорғауды қажет ететін материалдық емес мәдени мұра тізімін жасайды, жаңартады және жариялайды және тиісті қатысушы мемлекеттің өтініші бойынша осындай мұраны аталған Тізімге к і р г і з е д і .

2. Комитет көрсетілген Тізімді жасаудың, жаңартудың және жариялаудың өлшемдерін әзірлейді және Бас ассамблеяға бекітуге ұсынады.

3. Төтенше шұғыл жағдайларда, Комитеттің ұсынысы негізінде Бас ассамблея бекітетін объективті өлшемдер, ол мүдделі қатысушы мемлекетпен консультация негізінде тиісті мұраның элементін 1-тармақта айтылған Тізімге кіргізе алады.

### **18-бап. Материалдық емес мәдени мұраны қорғау жөніндегі бағдарламалар, жобалар және іс-шаралар**

1. Қатысушы мемлекеттер берген ұсыныстардың негізінде және Комитет әзірлеп, Бас ассамблея бекіткен өлшемдерге сәйкес Комитет, оның пікірінше, дамушы елдердің айрықша қажеттіліктерін ескере отырып, осы Конвенцияның қағидаттары мен мақсаттарын ең жақсы түрде көрсететін, мұраны қорғау жөніндегі ұлттық, субөңірлік немесе өңірлік бағдарламаларды, жобаларды және іс-шараларды кезеңдік іріктеуді жүргізеді және оларды жүзеге асыруға жәрдемдеседі.

2. Ол осы мақсатта қатысушы мемлекеттер осындай ұсыныстар дайындау үшін қалыптастырған халықаралық көмек көрсетуге өтінімдерді алады, қарайды және б е к і т е д і .

3. Комитет өзі белгілейтін нысандарда озық практиканы тарата отырып, көрсетілген бағдарламалардың, жобалардың және іс-шаралардың жүзеге асырылуын сүйемелдейді.

## **V. ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ЖӘНЕ КӨМЕК**

### **19-бап. Ынтымақтастық**

1. Осы Конвенцияның мақсаттары үшін халықаралық ынтымақтастық, атап айтқанда, ақпарат пен тәжірибе алмасуды, бірлескен бастамаларды, сондай-ақ қатысушы мемлекеттерге олардың материалдық емес мәдени мұраны қорғауға бағытталған күш-жігеріне көмек көрсету тетігін жасауды қамтиды.

2. Қатысушы мемлекеттер олардың ұлттық заңнамасының ережелері және қарапайым құқықтың және практиканың нормалары үшін зиян келтірмей, материалдық емес мәдени мұраны қорғау адамзат үшін ортақ мүддені білдіретінін таниды және осы



мақсатта екі жақты, субөңірлік және халықаралық деңгейлерде ынтымақтастық жасауға міндеттенеді.

### **20-бап. Халықаралық көмектің мақсаттары**

Халықаралық көмек мынадай мақсаттарда көрсетілуі мүмкін:

(а) шұғыл қорғауды қажет ететін материалдық емес мәдени мұраның тізіміне кіргізілген мұраны қорғау;

(b) 11 және 12-баптардың мәнінде тізбелер дайындау;

(с) материалдық емес мәдени мұраны қорғауға бағытталған, ұлттық, субөңірлік және өңірлік деңгейлерде жүзеге асырылатын бағдарламаларды, жобаларды және іс-шараларды қолдау;

(d) Комитет қажет деп санайтын кез келген басқа да мақсатта.

### **21-бап. Халықаралық көмектің нысандары**

Қатысушы мемлекетке Комитет беретін көмек 7-бапта айтылған жедел басшылықпен, сондай-ақ 24-бапта көзделген келісіммен реттеледі және мынадай нысандарда болуы мүмкін:

(а) қорғаудың әртүрлі аспектілеріне қатысты зерттеулер;

(b) сарапшылардың және материалдық емес мәдени мұраны тасымалдаушылардың қызметін ұсыну;

(с) кез келген қажетті персоналды дайындау;

(d) нормативтік және басқа да шараларды әзірлеу;

(e) инфрақұрылымдар құру және олардың жұмыс істеуін қамтамасыз ету;

(f) жабдықтар мен ноу-хау ұсыну;

(g) белгіленген жағдайларда төмен пайызбен қарыздар және қайырымдылықтар беруді қоса алғанда, басқа да қаржылық және техникалық көмектің нысандары.

### **22-бап. Халықаралық көмек берудің шарттары**

1. Комитет халықаралық көмекке өтінімдерді қарау рәсімін белгілейді және қарастырылған шаралар, қажетті іс-қимылдар және олармен байланысты шығыстарды бағалау сияқты, көрсетілген өтінімдердің аспектілерін нақтылайды.

2. Комитет шұғыл жағдайларда көмек алуға өтінімді басым негіздерде қарайды.

3. Комитет шешім қабылдау мақсатында ол қажетті деп санайтын зерттеулер мен консультациялар жүргізеді.

### **23-бап. Халықаралық көмекке өтінім**

1. Әрбір қатысушы мемлекет Комитетке өзінің аумағында бар материалдық емес мәдени мұраны қорғау жөнінде халықаралық көмекке өтінім бере алады.

2. Мұндай өтінімді екі немесе одан да көп қатысушы мемлекеттер бірлесіп те бере алады.

3. Өтінімде 22-баптың 1-тармағында көзделген ақпарат және қажетті құжаттама қамтылады.

## 24-бап. Бенефициарлар болып табылатын қатысушы мемлекеттердің рөлі

1. Осы Конвенцияның ережелеріне сәйкес, ұсынылатын халықаралық көмек бенефициар болып табылатын қатысушы мемлекет пен Комитеттің арасындағы келісіммен реттеледі.

2. Жалпы ереже ретінде, бенефициар болып табылатын қатысушы мемлекет өзінің иелігіндегі қаражатқа қарай халықаралық көмек берілетін қорғау шараларына байланысты шығыстарды жабуға қатысады.

3. Бенефициар болып табылатын қатысушы мемлекет Комитетке материалдық емес мәдени мұраны қорғау мақсатында көрсетілетін көмектің пайдаланылуы туралы баяндама ұсынады.

## VI. МАТЕРИАЛДЫҚ ЕМЕС МӘДЕНИ МҰРА ҚОРЫ

### 25-бап. Қордың сипаты мен ресурстары

1. Осымен төменде «Қор» деп аталатын «Материалдық емес мәдени мұра қоры» құрылады.

2. Бұл Қор ЮНЕСКО-ның Қаржы туралы ережесіне сәйкес нысаналы қор болып табылады.

3. Қордың қаражаты:

(a) қатысушы мемлекеттердің жарналарынан;

(b) ЮНЕСКО Бас конференциясының осы мақсат үшін бөлген қаражатынан;

(c) мыналар:

(i) басқа мемлекеттер;

(ii) Біріккен Ұлттар Ұйымы жүйесінің ұйымдары мен бағдарламалары, атап айтқанда, Біріккен Ұлттар Ұйымының Даму бағдарламалары және басқа да халықаралық ұйымдар;

(iii) мемлекеттік және жеке органдар немесе жеке тұлғалар беруі мүмкін жарналардан, қайырымдылықтан немесе мұраға қалдырылған мүліктен;

(d) осы Қордың қаражатына кез келген пайыздық есептеулерден;

(e) Қордың пайдасына ұйымдастырылған іс-шаралардан түскен алымдар мен түсімдер сомаларынан;

(f) Комитет әзірлеген Қор туралы ережеде көзделген басқа да кез келген қаражаттан тұрады.

4. Комитет Бас ассамблеяның басқару нұсқауларының негізінде қаражатты пайдалану туралы шешім қабылдайды.

5. Комитет жекелеген жобалармен байланысты ортақ және нақты мақсаттарға арналған басқа нысандардағы жарналар мен көмекті, егер мұндай жобаларды Комитет мақұлдаған болса, ала алады.

6. Қорға жарна енгізу осы Конвенцияда көзделген мақсаттармен үйлеспейтін ешқандай да саяси, экономикалық немесе өзге де шарттармен сүйемелдене алмайды.

### **26-бап. Қатысушы мемлекеттердің Қорға жарналары**

1. Осы Конвенцияға қатысушы мемлекеттер кез келген қосымша ерікті жарна үшін зиян келтірмей, қалай болғанда да екі жылда бір рет Қорға жарна енгізуге міндеттенеді. Барлық мемлекеттер үшін қолданылатын бірыңғай пайыздық мөлшерлеме бойынша есептелетін жарнаның сомасын Бас ассамблея белгілейді. Осы мәселе бойынша Бас ассамблеяның шешімі осы баптың 2-тармағында көзделген мәлімдемені жасамаған, дауыс беруге қатысатын қатысушы мемлекеттердің және қатысып отырғандардың көпшілік дауысы арқылы қабылданады. Қатысушы мемлекеттің көрсетілген жарнасы қандай жағдай болса да ЮНЕСКО-ның әдеттегі бюджетіне оның жарнасының 1 %-нан аспайды.

2. Алайда, осы Конвенцияның 32-бабында немесе 33-бабында айтылған кез келген мемлекет өзінің ратификациялау грамотасын немесе қабылдау, бекіту не қосылу туралы құжатын сақтауға тапсырған сәтте ол осы баптың 1-тармағының ережелерімен байланысты болмайды деп мәлімдеме жасай алады.

3. Осы баптың 2-тармағында көзделген мәлімдемені жасаған осы Конвенцияға қатысушы мемлекет ЮНЕСКО-ның Бас директорына ол туралы хабарлай отырып, өзінің мәлімдемесін қайтарып алуға күш-жігерін жұмсайды. Алайда, мәлімдемені қайтарып алу осы мемлекеттен тиесілі жарнаға қатысты Бас ассамблеяның келесі сессиясы ашылған уақыттан бастап қана күшіне енеді.

4. Комитет өз қызметін тиімді жоспарлай алуы үшін осы баптың 2-тармағында көзделген мәлімдемені жасаған осы Конвенцияға қатысушы мемлекеттердің жарналары тұрақты негізде, қалай болғанда да екі жылда бір рет енгізілуі және егер олар осы баптың 1-тармағының ережелерімен байланысты болған жағдайда өздері енгізуге тиісті болатын жарнаның сомасына мүмкіндігінше жуық болуы тиіс.

5. Ағымдағы жыл және оның алдындағы күнтізбелік жыл үшін өзінің міндетті немесе ерікті жарналары бойынша берешегі бар кез келген осы Конвенцияға қатысушы мемлекет Комитетке мүше болып сайлана алмайды, бұл ереже бірінші сайлауға қолданылмайды. Осы Конвенцияның 6-бабында көзделген кез келген сайлау кезінде Комитеттің осы кезде мүшесі болып табылатын осындай мемлекеттің өкілеттігінің күші жойылады.

### **27-бап. Қорға қосымша ерікті жарналар**

26-бапта көзделген жарналарға қатысты қосымша болып табылатын ерікті жарналар енгізуге ниет білдірген қатысушы мемлекеттер Комитет өз қызметін тиісті түрде жоспарлауы үшін ол туралы мүмкіндігінше жеделдетіп Комитетке хабарлайды.

### **28-бап. Қаражат жинау жөніндегі халықаралық науқандар**

Қатысушы мемлекеттер ЮНЕСКО-ның аясында ұйымдастырылатын Қор үшін қаражат жинау жөніндегі халықаралық науқандарға мүмкіндігінше қолдау көрсетеді.

## **VII. БАЯНДАМАЛАР**

### **29-бап. Қатысушы мемлекеттердің баяндамалары**

Қатысушы мемлекеттер Комитетке заңнамалық және регламенттейтін ережелер немесе осы Конвенцияны орындау мақсатында өздері қабылдаған басқа да шаралар туралы баяндамаларды Комитет белгілеген нысанда және кезеңділікпен береді.

### **30-бап. Комитеттің баяндамалары**

1. Комитет Бас ассамблеяның әрбір сессиясына өз қызметінің және жоғарыда 29-бапта көрсетілген қатысушы мемлекеттердің баяндамаларының негізінде дайындалатын баяндаманы ұсынады.

2. Бұл баяндама ЮНЕСКО Бас конференциясының назарына жеткізіледі.

## **VIII. ӨТПЕЛІ ЕРЕЖЕЛЕР**

### **31-бап. Адамзаттың ауызекі және материалдық емес мәдени мұрасының туындыларын жария етумен байланыс**

1. Комитет Адамзаттың материалдық емес мәдени мұрасының репрезентативтік тізіміне осы Конвенция күшіне енгенге дейін жарияланған адамзаттың ауызекі және материалдық емес мұрасының туындыларын кіргізеді.

2. Көрсетілген туындыларды Адамзаттың материалдық емес мәдени мұрасының репрезентативтік тізіміне кіргізу бұдан кейінгі кіргізулерге байланысты 16-баптың 2-тармағына сәйкес белгіленген өлшемдерді ешқандай түрде алдын ала шешіп қоймайды.

3. Осы Конвенция күшіне енгеннен кейін бұдан әрі ешқандай да жария ету жүргізілмейтін болады.

## **IX. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

### **32-бап. Ратификациялау, қабылдау және бекіту**

1. Осы Конвенция ЮНЕСКО-ға мүше мемлекеттер өздерінің тиісті конституциялық рәсімдерінде көзделген тәртіппен ратификациялануы, қабылдауы және бекітуі тиіс.

2. Ратификациялау грамоталары, қабылдау немесе бекіту туралы құжаттар ЮНЕСКО-ның Бас директорына сақтауға тапсырылады.

### **33-бап. Қосылу**

1. Осы Конвенция Ұйымның Бас конференциясы оларға осы Конвенцияға қосылуды ұсынған, ЮНЕСКО-ға мүше болып табылмайтын барлық мемлекеттердің қосылуы үшін ашық.

2. Осы Конвенция толық ішкі өзін-өзі басқаруы бар, Біріккен Ұлттар Ұйымымен осындай ретінде танылған, бірақ Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясының 1514 (XV) қарарына сәйкес толық тәуелсіздікке қол жеткізбеген және осы Конвенциямен

реттелетін мәселелердегі құзыретке, соның ішінде осындай мәселелерге қатысты шарттар жасау жөніндегі құзыретке ие аумақтардың қосылуы үшін де ашық.

3. Қосылу туралы құжат ЮНЕСКО-ның Бас директорына сақтауға тапсырылады.

### **34-бап. Күшіне енуі**

Осы Конвенция отызыншы ратификациялау грамотасы немесе қабылдау, бекіту немесе қосылу туралы құжат сақтауға тапсырылған күннен бастап үш ай өткен соң, бірақ өздерінің ратификациялау грамотасын немесе қабылдау, бекіту немесе қосылу туралы құжатты сақтауға көрсетілген күні немесе ертерек тапсырған мемлекеттерге ғана қатысты күшіне енеді. Кез келген басқа қатысушы мемлекеттерге қатысты Конвенция оның ратификациялау грамотасы немесе қабылдау, бекіту немесе қосылу туралы құжаты сақталуға берілген күннен бастап үш ай өткен соң күшіне енеді.

### **35-бап. Федеративтік немесе унитарлық емес конституциялық жүйелер**

Мынадай ережелер конституциялық құрылысы федеративтік немесе унитарлық емес қатысушы мемлекеттерге қолданылады:

(а) қолданылуы федералдық немесе орталық заңнамалық биліктің заңдық құзыретіне жататын осы Конвенцияның ережелеріне қатысты, федералдық немесе орталық үкіметтің міндеттемелері федеративтік мемлекет болып табылмайтын қатысушы мемлекеттердің міндеттемелеріндей болады.

(б) қолданылуы федерацияға кіретін, оларда бар конституциялық жүйеге сәйкес заңнамалық шаралар қабылдауға міндетті емес жекелеген штаттардың, облыстардың, провинциялардың немесе кантондардың құзыретіне жататын осы Конвенцияның ережелеріне қатысты федеративтік үкімет көрсетілген ережелерді оларды қабылдау туралы ұсынымдармен бірге штаттардың, облыстардың, провинциялардың немесе кантондардың құзыретті биліктерінің назарына жеткізеді.

### **36-бап. Күшін жою**

1. Әрбір қатысушы мемлекет осы Конвенцияның күшін жоя алады.

2. Күшін жою ЮНЕСКО-ның Бас директорына сақтауға тапсырылатын жазбаша актімен н о т и ф и к а ц и я л а н а д ы .

3. Күшін жою туралы актінің алынған күнінен кейін он екі ай өткен соң күшін жою күшіне енеді. Ол күшін жоятын қатысушы мемлекеттің өзіне қабылдаған қаржылық міндеттемелерін Конвенциядан шығу күшіне енген күнге дейін ешқандай түрде өзгертпейді.

### **37-бап. Депозитарийдің функциялары**

ЮНЕСКО-ның Бас директоры осы Конвенцияның депозитарийі бола отырып, Ұйымға мүше мемлекеттерді, 33-бапта көрсетілген Ұйымға мүше болып табылмайтын мемлекеттерді, сондай-ақ Біріккен Ұлттар Ұйымын 32 және 33-баптарда айтылған

барлық ратификациялау грамоталарының, қабылдау, бекіту немесе қосылу туралы құжаттардың сақтауға тапсырылғаны туралы, сондай-ақ 36-бапта көрсетілген күшін жою актілері туралы хабардар етеді.

### **38-бап. Түзетулер**

1. Қатысушы мемлекет ЮНЕСКО-ның Бас директорына жазбаша хабарлама жіберу жолымен осы Конвенцияға түзетулер ұсына алады. Бас директор мұндай хабарламаны барлық қатысушы мемлекеттерге таратады. Егер көрсетілген хабарламаны таратқан күннен бастап алты ай ішінде қатысушы мемлекеттердің кемінде жартысы осы ұсынысқа оң жауап берсе, Бас директор оны қарау және болжалды қабылдау үшін Бас ассамблеяның келесі сессиясына ұсынады.

2. Түзетулер қатысып отырған және дауыс беруге қатысатын қатысушы мемлекеттердің үштен екісі көпшілігімен қабылданады.

3. Осы Конвенцияға түзетулер оларды қабылдағаннан кейін қатысушы мемлекеттер ратификациялауға, қабылдауға, бекітуге немесе қосылуға тиіс.

4. Түзетулер қатысушы мемлекеттердің үштен екісімен, осы баптың 3-тармағында көрсетілген құжаттарды сақтауға тапсырған күннен бастап үш ай өткен соң, бірақ тек осы Конвенцияға түзетулерді ратификациялаған, қабылдаған, бекіткен немесе оған қосылған мемлекеттерге қатысты ғана күшіне енеді. Кейіннен түзетуді ратификациялаған, қабылдаған, бекіткен немесе түзетуге қосылған әрбір қатысушы мемлекет үшін осы түзету қатысушы мемлекет өзінің ратификациялау, қабылдау, бекіту немесе түзету туралы құжатын сақтауға тапсырған күннен бастап үш ай өткеннен кейін күшіне енеді.

5. 3 және 4-тармақтарда белгіленген рәсімдер Комитетке мүше мемлекеттердің қатарына қатысы бар 5-бапқа түзетуге қатысты қолданылмайды. Мұндай түзетулер оларды қабылдаған сәтте күшіне енеді.

6. Осы баптың 4-тармағына сәйкес түзетулер күшіне енген соң осы Конвенцияға қатысушы болатын мемлекет, егер ол өзге ниеті туралы мәлімдемесе:

(a) оған қабылданған түзетулерімен осы Конвенцияға мүше болып;

(b) осы түзетулермен байланысты емес кез келген қатысушы мемлекетке қатысты, оған қабылданған түзетулерсіз осы Конвенцияға қатысушы болып саналады.

### **39-бап. Мәтіндердің тең түпнұсқалығы**

Осы Конвенция ағылшын, араб, испан, қытай, орыс және француз тілдерінде жасалды және барлық алты мәтін де тең түпнұсқалы болып табылады.

### **40-бап. Тіркеу**

Біріккен Ұлттар Ұйымы Жарғысының 102-бабына сәйкес осы Конвенция ЮНЕСКО Бас директорының өтініші бойынша Біріккен Ұлттар Ұйымының Хатшылығында тіркеледі.

2003 жылдың 3 қарашасында Парижде ЮНЕСКО-ның Бас конференциясының отыз екінші сессиясының төрағасы мен Бас директорының қолдары қойылған екі тең

түпнұсқалық данада жасалды. Екі дана ЮНЕСКО-ның мұрағатына сақтауға тапсырылады, ал олардың тиісті түрде рәсімделген көшірмелері 32 және 33-баптарда көрсетілген барлық мемлекеттерге, сондай-ақ Біріккен Ұлттар Ұйымына жіберіледі.

Жоғарыда келтірілген мәтін Парижде болып өткен және 2003 жылы 17 қазанда жабылды деп жарияланған ЮНЕСКО-ның Бас конференциясының отыз екінші сессиясында тиісті түрде қабылданған Конвенцияның төлтума мәтіні болып табылады.

Осы Конвенцияны куәландырып 2003 жылы 3 қарашада қол қойылды.

*Бас конференцияның төрағасы* *Бас директор*

2003 жылғы 17 қазанда Париж қаласында жасалған Материалдық емес мәдени мұраны қорғау туралы конвенцияның куәландырылған көшірмесінің куәландырылған көшірмесі екендігін растаймын.

*Қазақстан Республикасының*  
*Сыртқы істер министрлігі*  
*Халықаралық құқық департаментінің*

*Басқарма бастығы* *Н. Сәкенов*

**РҚАО-ның ескертпесі. Бұдан әрі Конвенцияның мәтіні ағылшын, араб, испан, қытай және француз тілдерінде берілген.**